

**Қазақстан Республикасының Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Экономикалық кеңесінің жанындағы Экономикалық мәселелер жөніндегі комиссиясындағы Өкілетті өкілі туралы ережені бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 9 қарашадағы N 1071 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Экономикалық кеңесінің жанындағы Экономикалық мәселелер жөніндегі комиссиясындағы Өкілетті өкілі туралы ереже бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 6                      ж ы л ғ ы

9

қ а р а ш а д а ғ ы

N                      1 0 7 1

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасының Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Экономикалық кеңесінің жанындағы Экономикалық мәселелер жөніндегі комиссиясындағы Өкілетті өкілі туралы ереже**

**1. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасының Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Экономикалық кеңесінің жанындағы Экономикалық мәселелер жөніндегі комиссиясындағы Өкілетті өкілі (бұдан әрі - Өкілетті өкіл) Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі тағайындайтын және қызметтен босататын лауазымды адам болып табылады.

Өкілетті өкіл өз қызметінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне есеп береді.

2. Өкілетті өкіл лауазымы бойынша Қазақстан Республикасының шетелдердегі мекемелерінің кеңесші-уәкіліне теңестіріледі.

3. Өкілетті өкілге "Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылы 7 наурыздағы Заңының ережелері қолданылады.

4. Өкілетті өкіл өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 20 сәуірдегі Заңымен ратификацияланған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының (бұдан әрі - ТМД) Жарғысына, ТМД-ға

қатысушы мемлекеттер басшыларының 2000 жылғы 25 қаңтардағы шешімімен бекітілген ТМД Экономикалық кеңесі туралы ережеге, ТМД Экономикалық кеңесінің 2000 жылғы 10 наурыздағы шешімімен бекітілген ТМД Экономикалық кеңесі жанындағы Экономикалық мәселелер жөніндегі комиссия туралы ережеге, Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылы 4 ақпандағы N 1287 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының дипломатиялық және оған теңестірілген өкілдігі туралы ережеге, ТМД Экономикалық кеңесі жанындағы Экономикалық мәселелер жөніндегі комиссияның 2000 жылғы 22 наурыздағы шешімімен бекітілген ТМД Экономикалық кеңесі жанындағы Экономикалық мәселелер жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) жұмысының регламентіне, осы Ережеге, халықаралық шарттарға және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасына сәйкес, болатын мемлекеттің заңнамасын, халықаралық құқықтың жалпыға бірдей қағидаттары мен нормаларын ескере отырып жүзеге асырады.

## **2. Өкілетті өкілдің негізгі міндеттері, функциялары және құқықтары**

5. Өкілетті өкілдің негізгі міндеттері:

- 1) Қазақстан Республикасының өкілдігі;
- 2) Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық және сыртқы саяси бағытын і с к е а с ы р у ;
- 3) Қазақстан Республикасының мүдделерін қорғау;
- 4) Қазақстан Республикасының ұстанымын ескере отырып, шешімдердің жобаларын дайындауға қатысу болып табылады.

6. Өкілетті өкіл Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің тапсырмаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігімен келісілген Қазақстан Республикасының басқа да мемлекеттік органдарының тапсырмалары мен сұрауларын о р ы н д а у ;
- 2) ТМД шеңберіндегі экономикалық және әлеуметтік салалардағы ынтымақтастықты дамытудың жай-күйі мен негізгі үрдістерін талдау;
- 3) Комиссия қызметінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметін және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігін, Қазақстан Республикасының өзге де мүдделі мемлекеттік органдарын белгіленген тәртіппен хабардар ету;
- 4) Комиссияның және ТМД-ның өзге де органдарының қызметіне Қазақстан Республикасының қатысуын қамтамасыз ету жөнінде белгіленген тәртіппен ұсыныстар е н г і з у ;
- 5) Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарына Комиссиямен қарым-қатынас мәселелері бойынша ұсыныстар беру;
- 6) Комиссияның және ТМД-ның өзге де органдарының лауазымды тұлғалармен

келіссөздер жүргізу және ресми байланыстарды қолдау;

7) Қазақстан Республикасының Комиссиямен және ТМД-ның өзге де органдарымен ынтымақтастығы шеңберінде мақсаттар мен қағидаттарды жүзеге асыруға, сондай-ақ шешімдерді іске асыруға жәрдемдесу;

8) Комиссияның отырыстарына қатысу және Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделеріне жауап беретін экономикалық және қаржылық шешімдерді қабылдау кезінде белгіленген тәртіппен келісілген ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан енгізу;

9) дайындалған шешім жобалары бойынша Қазақстан Республикасы атынан Комиссияда дауыс беруге қатысу, олардың жекелеген ережелерімен келіспеген кезде жазбаша ескертпелер жазу және Қазақстан Республикасының ерекше пікірін білдіру;

10) Қазақстан Республикасының жекелеген мәселелерді қарауға мүдделі еместігі туралы Комиссияны хабардар ету;

11) Комиссия, ТМД Экономикалық кеңесі, Үкімет басшылары кеңесі, Мемлекет басшыларының кеңесі қарауға тиіс құжаттардың жобаларын жан-жақты пысықтауды қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының ұстанымын ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің өкілетті өкілдерімен құжаттарды пысықтау кезеңдерінде келісу;

12) Комиссияның отырысы барысында құжаттың кез келген жобасын талқылауды ауыстыру туралы Комиссияны хабардар ету, қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметінен келісім алу;

13) Комиссияның мүшелерімен, ТМД Экономикалық кеңесімен және экономикалық және әлеуметтік салаларға қатысты ТМД Мемлекет басшылары кеңесінің, Үкімет басшылары кеңесінің, Экономикалық кеңестің шешімдерін дайындау мен іске асыру мәселелері бойынша тиісті мемлекеттердің министрліктерімен және ведомстволарымен белгіленген тәртіппен өзара іс-қимыл жасау;

14) ТМД-ның жарғылық және өзге де органдарының шешімдеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да функцияларды орындау.

7. Өкілетті өкіл Комиссияның отырысында мәселелерді талқылау кезінде және дауыс беруде Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіру құқығын кімге болса да беруге құқысыз.

8. Өкілетті өкіл отырыстарға материалдарды дайындау және бұрын қабылданған шешімдерді іске асыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарымен өзара іс-қимылды жүзеге асыру үшін қажеттілік туындауына қарай Қазақстан Республикасына іссапарға жіберіледі.

9. Өкілетті өкілдің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес негізгі міндеттерін іске асыру және өз функцияларын жүзеге асыру мақсатында:

1) Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарымен келісім бойынша Комиссияның және ТМД Экономикалық кеңесінің отырыстарына қарауға енгізілетін құжаттардың жобаларын бірлесіп пысықтау үшін мамандар мен

с а р а п ш ы л а р д ы

т а р т у ғ а ;

2) Өкілетті өкілдің құзыретіне кіретін мәселелерді шешу үшін қажетті құжаттарды және өзге де материалдарды Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдарынан с ұ р а т у ғ а және алуға;

3) республиканың өзіне қабылдаған міндеттемелерін орындағаны туралы Қазақстан Республикасының тиісті мүдделі мемлекеттік органдары мен ұйымдарынан ақпарат с ұ р а т у ғ а ;

4) ТМД органдары қабылдаған шешімдерге сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде, сондай-ақ Өкілетті өкіл қызметінің мәселелері жөнінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің қарауына ұсыныстар енгізуге;

5) ТМД-ға қатысушы мемлекеттер құрған интеграциялық органдардың іс-шараларына шақыру бойынша қатысуға;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар жүзеге асыруға құқығы бар.

### **3. Өкілетті өкілдің қызметін ұйымдастыру**

10. Өкілетті өкіл өз міндеттерін атқаруға ТМД Атқарушы комитеті Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінен оның тағайындалуы туралы ресми хабарлама алған сәттен бастап кіріседі.

11. Өкілетті өкіл өз функцияларын тұрақты негізде жүзеге асырады.

12. Өкілетті өкіл өкілеттігі ТМД Атқарушы комитеті Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінен оны қайтарып алу туралы ресми хабарлама алған күнінен бастап тоқтатылады.

### **4. Өкілетті өкілдің қызметін қамтамасыз ету**

13. Өкілетті өкілдің қызметін қаржыландыру және материалдық-техникалық қамтамасыз ету республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

14. Өкілетті өкілдің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі шығыстарды жыл сайынғы қаржыландыру жоспарын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

15. Өкілетті өкіл ТМД Атқарушы комитетінің бөлімі орналасқан жерде тұрады.

16. Өкілетті өкілге бекітілген мүлікті иеленудің, пайдаланудың және билік жүргізудің тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленеді.